

# Ауыз әдебиеті мен поэзия



Ауыз әдебиетінің кейбір  
жанырлары қазіргі заманға сай  
жаңа сипаттармен дамуда Олар;  
айтыс, берташар, жар- жар  
және т.б

Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі

Шымылдық ішінде отырған келінің басына орамал жауып, той өтіп жатқан үйдің ең жақын, үлгілі келіндер екі жағынан қолтықтап алып шығады. Беташардың тәрбиелік мәні зор болғандықтан келіншектің екі жағынан тұратын әйелдер жесір, жеңілтек, т.б болмауы қатаң ескерілерді. Орамалдың теңге түйілген ұшын домбыраның мойнына не таяқтың ұшына байлап, жырау беташар жырын бастайды. Ол шаңыраққа жаңа түскен келінге ата – енесін, үй – ішін таныстырады, қандай туысқандық жақындығы бар екенін, беделін, қадір – қасиетін шебер тілімен жеткізіп, әрқайсысына жеке – жеке сәлем жасатады. Сәлем алған адам жас келінге беретін сый – сыяпатын айтады.



**Айтыс** – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма – қол суырып салып айтылатын сөз, сайысы жыр жарысы.

Айтыстың негізгі салмағы да түйіні да, өмір шындығы. Бетпе – бет келген екі айқын да сол орайда жеңіудің сан алуан жолдарын амал – тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Қарсыластардың қай – қайсысы да негізгі уәж, аталы ойларын бірден жайып салмай, аңысын аңдып құрылан тор, айлалы қақпанға түсіруді көздейді



**Жар – жар** – қазақ **тұрмыс – салт** жырларының ежелден келе жатқан жанырлық түрінің бірі. Ол қыздың ұзатылатын **тойы** аяқталып, аттанар алдында орындлады. Күйеу бастаған жігіттер жағы атқа мініп келіп, отау үйдің сыртынан жабықты ашып өлең бастайды.

**Сәукелесін** киіп отаудағы шымалдық ішінде отырған қалыңдық қоршаған жақын жеңгелері мен бойжеткен құрбылары қыздың атынан жауап өлең айтады.

Осылай **айтыс** түрінде орындалатын жауаптассу өлеңінде қыздар жағы оң жақта еркелеген қыз ғұмырдың өтіп бара жатқанына, өмірдің өкіншілігіне өкініш білдіреді. Жат жұртқа барғанда ата – анас мен туған – туысқандарының, құрбы – құрдастарының орыны толмайтындығын өлеңге қосып, әлі де болса ойнап – күліп жүре тұруға мұрша бермей аттандырып жатқан ата – анасына наразылығын білдіреді. Өз кезегінде жігіттер жағы ерге шығып, бала сүйіп, түтін түтетудің атадан қалған жол екендігін айтып, ол жаққа барғанда қайын жұртының туған – туыстарын жоқтатпайтындығын айтады.



**ЖАР-ЖАР АЙТЫС**





## ШЫМЫЛДЫҚ

ШЫМЫЛДЫҚ – ұлттық бұйым. Ашпалы және тұтас шымылдық деп аталатын түрлері бар. Оның кең таралған ашпалы түрі төсектің алдына тұтылып, түнде ұйықтаған кезде кеңістіктен төсекті бөліп тұратын камера қызметін атқарады. Мұндай шымылдық жібек, атлас, ақ сұрып, торғын, торқадан тігіледі, сондай-ақ екі бөліктен тұрады. Биіктігі 2 м-дей, ені 4,5 м-дей болады. Басқы жиегіне әсемдік үшін зер салынып, көз тимес үшін үкі тағылады. Жасау шымылдықтың термелі бау өткізілетін жері шымылдық балдағы деп аталады. Жоғары жағына екі-үш қарыс “шолақ ымылдық” (шымылдық желбіршегі) орнатылады. Тұтас шымылдықтар көбіне өлікке арналып құрылады.

Назарларыңызға Рахмет!